

Қордабай Б.Қ.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
кіші ғылыми қызметкер
Алматы, Қазақстан,
bk1708@mail.ru
ORCID: 0000-0002-3942-2652

**Қазіргі қазақ поэмаларындағы замана
шындығының берілуі**

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіздік дәуірінде жарық көрген поэма жанры, әсіресе ұлт тағдырын қазақ әдебиетінде өзіндік дара қолтаңбасымен танытқан, поэма жанрына айрықша үлес қосқан Қ.Мырзалиев, Н.Айтұлы, Ж.Бөдешұлы поэмаларындағы тарихи шындықтың бейнеленуі қарастырылады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Кеңес өкіметі тұсында айтуға тыйым салынған тақырыптар қозғалып, ақиқаттың пердесі ашылды. Зерттеу нысанына алынған ақындардың поэмаларын өзара салыстырып, өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. Желтоқсан тақырыбы, жер мәселесі, ана тілінің жағдайы, сондай-ақ қоғамда орын алып жатқан өзекті мәселелердің қозғалуы поэмаларда теориялық тұрғыдан пайымдалады. Аталмыш ақындардың туындылары арқылы қазақ поэмасының көркемдік көкжиегінің кеңейгенін аңғарамыз.

Кілт сөздер: поэзия, поэма, эпика, әдеби қаһарман, кеңістік, дәуір, поэтика, стиль.

Кіріспе. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиеті тақырыптық, мазмұндық, түрлік, көркемдік жағынан байыды. Халқымыздың басынан Ресей империясының боданы болған кездегі айтуға тыйым салынған оқиғалар егемендік алғаннан кейінгі шындық бетпердесі ашылған сәтте қаламгерлеріміздің туындыларында тарихи шындық мәселесі көркемдік шешіммен оқырманға табыс етілді.

Әдістер. Мақалада салыстыру, топтау, жинақтау, әдеби талдау әдістері қолданылды. Тәуелсіздік тұсындағы поэмалар туралы қазақ поэмаларын зерттеуші Ә.Нарымбетов: «Тәуелсіздік жылдарында қазақ поэмаларында қазақ қоғамындағы ең өзекті, көкейкесті мәселелердің көркем суретке айналғаны байқалады. Тәуелсіздікке ғасырлар бойғы ерлік күреспен, шиеленіскен тартыспен халықтың әрең дегенде қолы жетті. Міне, бұл тарихи ақиқатты эпик ақындар өз шығармаларында басты көркемдік нысана етіп ұстағаны бірден көрінді» (Нарымбетов, 2008: 77-78) – деп айтқан болатын. Тәуелсіздік жылдарындағы поэмаларда қазақ елінің барша тыныс-демі, тартқан бейнеттері, тапқан жетістіктері, қалт-құлт қадамы, көшін түзегені – бәрі-бәрісі көркемдікпен суреттеліп, азаттықтың ұлы сарынымен үндестік тапқанына куә боламыз.

Поэма (грекше роіета – туынды) – өлеңді повесть, өмірде болған не болуы тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттеу (Қабдолов, 1992: 302).

Нәтижелер. Тәуелсіздік жылдары Қадыр Мырзалиев, Несіпбек Айтұлы, Жәркен Бөдешұлы ақындарымыздың поэмалары бір-бірімен үндесіп, заманның шындығын шынайы бейнелеуімен осы жанрдың өркендеуіне үлкен үлес қосты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін халқымыз өзінің ұлттық құндылықтарына тиісті көңіл бөле бастады. Тәуелсіздікпен қатар жергілікті жазушылар сөз бостандығына ие болды. Ал

сөз бостандығы кеңес жылдарында шектелген және тыйым салынған тақырыптарды қозғауға мүмкіндік берді. Әлі күнге дейін саяси бағасын алып үлгермеген тақырыптардың бірі – Желтоқсан оқиғасы (Gulzhakhan Orda, Nurbol Khudaibergenov, Zhansulu Sarsenbayeva, Saltanat Amanzhol, Nassikhat Mursalimova, 2019).

Бұл тарихи жағдайдың орын алуына себеп – Г.В.Колбиннің Қазақстан КП ОК бірінші хатшысына тағайындалуы. Ол жөнінде тәуелсіз Қазақстанның тарихшылары былай дейді: «Жаңа басшылыққа республика халқына мүлдем таныс емес Колбиннің келуі жылдар бойына жинақталған ашу-ыза мен наразылықтың буырқана сыртқа атылып шығуына түрткі болды. Қазақ елінің мемлекеттік егемендігі мен қазақ халқының мүдделерін аяққа басқан Мәскеудің әрекеттерін айыптаған қазақ жастарының демонстрациясы басқа ұлтқа қарсы бағытталмаған еді. Талай ұлт пен халыққа пана болған, төрінен орын берген қазақ халқы, қазақ даласын мекендеген басқа халықтарға қарсы ұлтшылдық пиғылда ешқашан болған емес» (Мұхамедов, Сырымбетұлы, 2007: 224). Бұл пікір – көптен күткен егемендігімізге қол жеткізіп, сөз бостандығына ие болған тарихшыларымыздың ащы шындықты бүкпей жеткізгендігінің жарқын көрінісі.

1986 жылы 17 желтоқсанда Алматы қаласындағы Брежнев алаңында басталған шеру бейбіт және саяси сипатта болғанымен, әміршіл басшылық бұл толқуды өкімет билігіне төнген қатер деп бағалап, аяусыз қатыгездік көрсетті.

Талқылау. Поэмаларының көбі лирико-публицистикалық сипатта жазылған Қадыр Мырзалиевтың «Заман-ай» поэмасының «Жанталас және Желтоқсан» тарауында Желтоқсан оқиғасының орын алуына алып келген халқымыздың басынан өткерген қиыншылықтырын, қоғамның таптаурын болған мәселелері бүкпесіз жеткізіледі.

Жаратқанның осы ма теңгермегі?!

Жастай солды жайсандар,

Көгермеді.

Не көрмеді баяғы бабам менің,

Ұрпағы оның бүгінде не көрмеді! (Мырзалиев, 1991: 8).

Тағдырынан түңілген қасіретті ел жаңа заман орнаған тұста да қиыншылықты басынан өткерді. Жердің халық қазынасы бола тұра, басқаларға тиесілі болуы, қара жерді соқамен жыртып, жарамсыз етуі, жастарға жұмыстың болмауы, баспана мәселесі, ана тілімізге салғырт қарап, шеттетуге, ұлтыңды сүюге тосқауыл қою – осылардың барлығы көтеріліске себеп болды.

Басшысынан қазақты анық бөліп,

Тастады да...

Ақыры қамықты Елі...

Біреуі емес –

Осының бәрі-бәрі

Желтоқсанға тіреді алып келіп! (Мырзалиев, 1991: 9).

«Сом туындының өне бойында халқының қайғысы мен мұңына, қасіреті мен азабына немқұрайды қарамайтын ұлт перзентінің үні, ұлт ақынның жанайқайы, ұлт азаматының байсалды пайымдаулары тоғысқан» (Қайырбеков, 2011:129) – деп Ә.Қайырбеков ақынның туған халқы бастан кешірген өзгерістерді бей-жәй қарай алмай, оны шамырқана толғағанын жеткізеді.

Поэмадағы лирикалық кейіпкердің жан-дүниесіндегі өзгерістер қоғамдағы, заман ауқымындағы, уақыт аясындағы кезеңдік оқиғалармен қат-қабат тығыз байланыста сабақтасқан. Ал Махамбеттің рухының өлмейтіндігін, кешегі желтоқсанда шыққан жалынды жастардың рухын соның заңды жалғасы ретінде сезінетіні нанымды көрініс табатын («Қазақ көркем сөзінің шеберлері», 2010: 455) Жәркен Бөдешұлының «Исатайдың баласы» немесе «Жақия» поэмасында ақын өз атынан «Дауылдатып шертейін «Желтоқсандай» күйімді» деп, халқымыздың ұлттық аспабы «домбыраны» символ етіп алып оны былай жеткізеді:

Жүрегім – жалғыз тиегі,

Күй жылуы өтпесе, жарлы жүрек тоңбай ма.
Шаймерденов Сафуан,
Жұбан Молдағалиев – оның екі құлағы,
Сен ұрсаң да қозғалмай, өз орнында тұрады.
Рысқұлбеков Қайрат, Әбдіқұлов Мырзағұл,
Сыпатаев Ерболым, Ләззат Асановалар –
Тағып қойған пернесі (Бөдешұлы, 2010: 125).

Мұнда, Махамбеттің рухының өлмейтіндігін, кешегі желтоқсанда шыққан жалынды жастардың руын соның заңды жалғасы ретінде сезінетіні поэмада нанымды көрініс табады («Қазақ көркем сөзінің шеберлері», 2010: 455).

Желтоқсанға қатысушылар жазаланған соң, бірінші хатшыға халықтың жанайқайын жеткізген Сафуан Шаймерденов пен Жұбан Молдағалиев – Ұлы Отан соғысының ардагерлері болса, Рысқұлбеков Қайрат, Әбдіқұлов Мырзағұл, Сыпатаев Ербол, Ләззат Асановалар – ел басына күн туған шақта алдыңғы шепте табылған ерлер еді. Ақын қанды қол қызыл империяның қазақ жастарын қынадай қыруын «қызыл» сөзіне сыйғызған. Бір шумақта бірнеше рет қолданылған қызыл насыр, қызыл дүлей, қызыл шылбыр, қызыл өрт, қызыл іңір, қызыл ит эпитеттері қанды қырғын оқиғасын «қызыл» түсімен сабақтастырып, поэманың көркемдік әрлілігін ерекше жеткізіп тұр.

Колбин – *қызыл* шабарман.
Қызыл мұрын, *қызыл* көз,
Қызыл түкті, *қызыл* бет,
Қызыл аяқ, *қызыл* қол,
Қызыл хатшы булықты

(Булықты да у жұтты) (Бөдешұлы, 2010: 126) – деп, Республика басшылығына жаңадан тағайындала салысымен, елді қан қақсатқан Колбиннің бейнесін «контраст» тәсілімен байланыстырып, сондай-ақ бірыңғай дауыссыз «қ» әрпінің тармақтың басында келуі арқылы аллитерацияны да шебер қолдана суреттеген.

Ақын Желтоқсан оқиғасы кезінде орын алған сұмдық көріністі де суреттеп, бейбіт шерудің арты жойқын іске айналып, қару-жарақтың күшімен басқанын, жастарды сойылға жығып, итке талатып, қыршын өмірін қиғандығын ашына жырлайды.

Жазушылар Одағына келген Колбинге Олжас Сүлейменов, Сафуан Шаймерденов, Жұбан Молдағалиевтардың қасқайып тұрып, жеріне жеткізе айтқан өткір сөздерінен кейін жаңа басшының «өліктей шықты» деуі елімізге қазақ басшы келіп, тәуелсіздік орнайтындығын жеткізеді. Поэманы «Махамбеттің айтқаны», «Мен айтамын» деп екі бөлімге бөліп, сюжет болмағанымен, тартыс бар екенін байқаймыз. «Мен айтамын» бөлімінде Исатайдың баласы Жақия бейнесімен Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастардың жігерін жанып, өзара байланыстыра көпір орнатып тәуелсіздікке жетуімізге солардың күрескерлік ерлігі жеңіс тапқандығын айтады.

Ал тарихи оқиғалардың көркем шежіресін жасаушы «эпик ақын» атанған Несіпбек Айтұлының «Мұқағали-Желтоқсан» поэмасында сол кездегі шындықтың поэтикалық суреті беріледі. Жәркен ақын Жақия бейнесімен Желтоқсаншы жастарды байланыстырса, Несіпбек Мұқағали рухымен сол кездегі оқиғаға демеу болған атабаба рухын еске алады. Ақын Алматы қаласының сол кездегі көрінісін былайша суреттейді:

Түксиген үрейлі түн сұрқы жаман,
Шығады ащы дауыс шырқыраған.
Қаланың қақ ортасы азан-қазан –
Қызыл өрт, қара түтін бұрқыраған (Айтұлы, 2012: 331).

Қанды қырғын оқиғасы кезінде әуеде Мұқағали ақын шырылдап, Райымбек бабадан бастап, Абылай хан, Қабанбай батыр, Кенесары, Махамбет, Абай сынды ел үшін еңіреген тұлғаларды шақырып, жастарға медет болып, қолдауларын айтады.

Япыр-ау, Мағжан ба өзі, Мағжан ба өзі,
Жасарып кеткені ме тарлан бозы?

«Ел үшін еркек тоқты құрбандық» деп,
Шатынап от шашады жанған көзі (Айтұлы, 2012: 341) – деген жолдардан сотқа қарап «атам десен, атыңдар» деп тайсалмай соңғы сөзін айтқан жігіттің Мағжан емес, «бостандықтың ең соңғы жас құрбаны» Қайрат Рысқұлбеков екенін аңғарамыз.

Аруағы бабалардың тебіренді,

Аунады арпалысқан өмір енді.

Аспанның көкірегі қақ жарылып,

Жұмақтан жақсылықтың лебі келді! (Айтұлы, 2012: 342) – деп, бабалар аруағы жебеп, еліміз тәуелсіздікке жеткендігін, рухтың өлмейтіндігін бейнелеген поэманың маңызы айрықша. Қазақ халқының басына түскен қасіретті осылайша табиғат анамен параллель бейнеледі.

«Жер – тәңірдің адамзатқа енші қылып тартқан ұясы, болашақ ұрпаққа берген мұрасы. Жер – ұлт болмысының түп-төркіні. Ендеше жер бүгінгі нарыққа қарық, сағанасы сарық болғысы келгендердің түсінігінен әлдеқайда кең ұғым» (Қозыбаев, 2009: 174). «Жер тағдыры – ел тағдыры» деп білген дана халқымыз ата-бабасының қасық қаны қалғанша қорғаған жерін қастерлеуге, сақтауға барынша тырысты. Ресей империясының бұғауында болған жылдары «бөлшектей де, билей бер» саясатын ұстанған әміршіл-әкімшіл билік халқымыздың шұрайлы жерін орыс шаруаларына беріп, жерімізге көз алартып өз дегенін жасатты. Осындай маңызды мәселені ақындарымыз да шындық үшін шарқ ұрып, өз туындыларына арқау етті.

Қадыр Мырзалиевтің «Заман-ай» поэмасындағы «Жер дауы және жан ашуы» тарауында кең-байтақ өлкемізге көз тіккен биліктің Столыпиннің аграрлық реформасы арқылы Ресейдің ішкі аудандарындағы жер тапшылығын шешумен қатар, орыс шаруаларын көшіру арқылы шалғайдағы отар аймақтарды игеру көзделген сұрқия саясатын тарихи шындықпен бейнелеп береді.

Ресей жазушысы, қоғам қайраткері Александр Солженицынның «Как нам обустроить Россию» деген атақты мақаласы шыққан болатын. «Қазақстанның бес облысын Ресейге қосу керек» деген сол бір ойы Михаил Горбачевтің ойына азық болып, оның шовинистік пікірін қоздырды. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында адам күн көрісіне қолайсыз жерлерді қазаққа қалдырып, Арқадағы, шығыстағы Алтай жері, батыстағы жердің солтүстік жағы сияқты қолайлы, жақсы жерлерді Ресейдің қарауына қалдыру керек сияқты пікірлер айтып, қиянатқа барды. Ақын осы жайларды назарынан тыс қалдырмай поэмасында ашына жеткізеді.

Шайқалсын деп Қазақтың шаңырағы,

Айтпасты айтып арсыздар жамырады.

Сондай отқа май құйған Солженицын

Сені менің халқымның дәмі ұрады! (Мырзалиев, 1991: 9).

«Біздің жерді көргенде бағзы достың әдеті бар тәбеті қозатұғын» деп мейманымыз болып отырған неміс, ұйғыр, қырғыз, өзбек халықтарының елімізде жүргені аз болғандай жер сұрағаны ақынды қынжылтады. Ақын Несіпбек Айтұлының Астана орнындағы кешегі Қараөткел қақтығысын арқау еткен «Ақмола шайқасы» атты тарихи поэмасында да «жер мәселесі» толғаныс арқылы береді.

Бүйрегі бүлк етпейді қандай кісі,

Қашанда жер қайғысы – ел қайғысы.

Ойланып алсын бір сәт келісімге,

Жер үшін келетіндер қол қойғысы (Айтұлы, 2012: 201) – деп елін де, жерін де өз қамы үшін сататындардың бар екенін айтады.

Қазақтың құдай берген байтақ жерін

Өзінен сол қазақтың қызғанады.

... Иттер де ырылдасқан бір-бірімен,

Бірігіп ұмтылмай ма бөрі көрсе (Айтұлы, 2012: 202) – деп бір-бірімен жауласып, қақпан құрып, бастары бірікпеген қазақтың сол дерттен әлі де арыла алмай келе жатқандығын ой сала жеткізеді.

Жәркен Бөдешұлының барлық поэмаларында дерлік әртүрлі оқиғалар арқылы көрініс табатын – «Жер» ақын үшін қасиетті ұғым. Жат жерде туып-өскен ақынның атажұртқа қатысты қалам тербеуі кездейсоқ емес. Өз туындыларында әртүрлі оқиғаларды баяндай отырып, «туған жердің» қадірін білетін Жәркен ақын қазақ поэзиясындағы ерекше құбылыс болып саналды. Ақынның «Ұлар жырау» поэмасы Ұлар жырау арқылы Ежен хан мен ақ патшаға «обалымызға қалдың-ау» деп зарлап жерді бөліске салып, халықты үдере көшкізген жағдайды суреттейді.

Тарбағатай,
Алтайдың –
Теріскейі, күнгеі,
Еміп жатқан жыл бойы –
Аузымдағы уыз толы омырауым емес пе?!
Бесігіме пар таққан қоңырауым емес пе?!
Омырауымды,
Қоңырауымды –
Салдырдың-ау бөліске,
Осыларың жөн іс пе?! (Бөдешұлы, 2010: 239).

Жәркен Бөдешұлы «Ақ марка» поэмасында Әсет Найманбаев өмірінің бір сәтін бейнелейді. Ат басын бейтаныс үйге бұрған кейіпкер өзін таныстырып, сол үйдегі сұлу қыз Әсеттің ғашығы Ардақты еске түсіріп, елімен, жерімен қауышар күннің қашан туатынын ойлаған психологиялық күйі нанымды суреттеледі. Автордың айтпақ ойы – туған жердің қадірін білу.

Туған ел,
Ата қоныс,
Көне мекен,
Мен қайтіп бірге туып,
Бөлек өсем.
Бөгде жұрт бал мен майын сыйласа да,
Келер ме асқар тауы төбеңе тең (Бөдешұлы, 2012: 297).

«Тозақтан – жұмаққа» поэмасында атажұртқа қарай қашып келе жатқан кейіпкер арқылы Қытайдағы қандастарымыздың тағдырынан сыр шертеді.

Тұрмын, міне, шекараның шегінде,
Артта – тажал,
Алда Атажұрт, шегінбе...
Ақбоз аттың үстінде бір шіреніп,
Болады енді шылымымды шегуге...(Бөдешұлы, 2010: 165).

Поэма соңында үш күн бойы нәр татпаған кейіпкердің аш өзегіне балық түсуі солақ еді, басы айналып, көл түбіне құлап қаза тапқаны айтылып, сапарының осымен аяқталғанымен бітеді. Бұл поэмасында да ақын шет жерде жүргенше, өз атажұртының балығына жем болудың өзін ерекше санайды.

Кең-байтақ қазақ даласының өзіндік қатал заңдары қалыптасып, қылмыс түрлеріне қатаң жаза тағайындалғанымен, түрмесі болмаған. Ресей қарауына көшкеннен кейін бұл ұғым қазақ арасына кең тарап, қазақтың әміршіл-әкімшіл билікке қарсы шыққан азаматтарын, бетке ұстар тұлғаларын абақтыға жабу орын алды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана бұл мәселелер ашық та өткір түрде айтылды.

Қадыр Мырзалиевтің «Ақырзаман» атты поэмасы бірнеше тарауға бөлініп, соған сай өзіндік ой-пікірін келтіріп өрнектейді. «Түрме. Түрмеге лайық тіршілік» деген тарауы «Қысылады тарих пен жыр несіне» деп басталып, Қадыр ақын елімізде түрменің болмақ

түгілі оның не екенін білмей өскенін, заман азуына қарай түрменің көбейіп бара жатқанын айтып, адамдарды бір-біріне «қорған» болуға шақырады.

...Заман азса,

Жамандық құр қала ма?

Көздің жасын қол ғылып тұрған ана.

Азаймағыр... адалдық кетті азайып,

Көбеймегір!

Көбейген түрме ғана! (Мырза Әли, 2005: 397) – деп ашына жырлайды. Ақын сондай-ақ түрмеге барып көргендігін, онда небір адам айтқызсыз қылмыс жасағандар отырғандығын жеткізіп, «ақыр заман емей бұл, қандай заман?» деп қазіргі қоғамда орын алып жатқан, естісең «төбе шашың тік тұрар» сұмдық жаңдайларды шынайы жырлайды.

Несіпбек Айтұлының «Мұқағали-Желтоқсан» поэмасында жастарға көмек беруге Мұқағали ақын аруақтарды шақырған кезінде репрессия құрбандарын да тілге тиек етіп, солар сияқты желтоқсан оқиғасына қатысушы жастарды да түрмеге тоғытқандығын айтқан жолдар кездеседі.

Шын аты *абактының* – азапхана,

Азаптың құрбандығы қазақ қана.

Қазақты қазақ отқа сүйрелесе.

Ей, тағдыр, мазақтама, мазақтама! (Айтұлы, 2012: 337) – деп, абактыны азапхана деп метафоралық тәсілмен жеткізеді.

Үрейлі үнірейген түрме түбі,

Түрмеде қияметтің қыл көпірі.

Тебендей шаншылады тергеушілер,

Секілді сатқындықтың бір кепілі (Айтұлы, 2012: 341).

Осылайша, өзіне қарсы шыққандарды түрмеге салып, оның көрінісін сипаттайды.

Қоғамда орын алып жатқан небір сұмдық жағдайлар аталмыш ақын поэмаларында кездеседі. Ұлттық тіліміздің қоғамдағы орны, отбасында болып жатқан адам айтқызсыз оқиғалар тілге тиек етілген.

Қадыр Мырзалиевтің поэмаларының өзі бір-бірімен жалғасын тапқан цикл тәрізді қазіргі уақытта орын алып жатқан көкейкесті мәселелерді бар болмысымен ашық айтуымен маңызды. Мансап үшін талас, ағайынның араздығы, тастанды сәби, баспана мәселесі, өзге тұрмақ өз ата-анасына қастандық жасау сынды қоғамда орын алып, адамзаттың санасы, болмысында қазіргі кезде кездесетін ауыр «дерт» мәселесін қозғайды.

Қорытынды. Қорыта келе айтарымыз, мақалада қамтылған тәуелсіздік дәуіріндегі поэмалар – тарих қойнауына терең бойлау арқылы сыр шерткен қазақ поэзиясындағы ең үздік туындылар. Ақындар еліміздің бастан кешкен азапты жылдарын осылайша көркем бейнелеп, қазақ тарихының қаралы кезеңдеріне жан бітірді. Заман шындығын шынайы бейнелеген аталмыш ақындардың поэмалары біздің қоғамның жақсысы мен жаманын, таласы мен тартысын, дамуы мен тоқырауын, қызығы мен шыжығын, сәні мен салтанатын тұтас қалпында шынайы бейнеледі.

Қордабай Б.

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова,

младший научный сотрудник

г. Алматы, Казахстан

bk1708@mail.ru

ИЗОБРЕЖЕНИЕ СОВРЕМЕННОЙ ЭПОХИ В КАЗАХСКОЙ ПОЭМЕ ХХІ ВЕКА

Аннотация. В статье рассматривается жанр поэмы, изданный в эпоху независимости, в частности, отражение исторической истины в поэмах К. Мырзалиева,

Н.Айтулы, Ж. Бодешулы, внесших особый вклад в жанр поэмы, ставших своеобразными автографами казахской литературы. В годы независимости нашей страны были затронуты темы, запрещенные к утверждению при советской власти, раскрыты широта истины. В данной монографии авторы рассматривают новейшие научные и философские концепции проблемы сознания. Тема декабря, проблемы земли, состояние родного языка, а также ход актуальных проблем, происходящих в обществе, теоретически осмысливаются в поэмах. С помощью произведений этих поэтов мы видим расширение художественного горизонта казахской поэмы.

Ключевые слова: поэзия, поэма, эпика, литературный герой, пространство, эпоха, поэтика, стиль.

Kordabay B.

M.O. Auevov Institute of Literature and Art
Junior researcher
Almaty, Kazakhstan
bk1708@mail.ru

PICTURE OF THE MODERN EPOCH IN THE KAZAKH POEM OF THE XXI CENTURY

Abstract. The article deals with the genre of the poem, published in the era of independence, in particular, the reflection of historical truth in the poems of K. Myrzaliev, N. Aituly, Zh. Bodeshuly, who made a special contribution to the genre of the poem, which became a kind of autographs of Kazakh literature. In the years of independence of our country were touched upon topics prohibited for approval under the Soviet regime, revealed the breadth of truth. In this monograph, the authors consider the latest scientific and philosophical concepts of the problem of consciousness. The theme of December, the problems of the earth, the state of the native language, as well as the course of actual problems occurring in society, are theoretically comprehended in the poems. With the help of the works of these poets, we see the expansion of the artistic horizon of the Kazakh poem.

Keywords: poetry, poem, epic, literary hero, space, era, poetics, style.

Information about authors:

Қордабай Б.Қ., М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты кіші ғылыми қызметкер. Алматы, Қазақстан, bk1708@mail.ru. ORCID ID: 0000-0002-3942-2652

ӘДЕБИЕТ

- [1] Нарымбетов Ә. Ғасыр сыры. – Алматы: Арда, 2008. – 312 б.
- [2] Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- [3] Gulzhakhan Orda, Nurbol Khudaibergenov, Zhansulu Sarsenbayeva, Saltanat Amanzhol, Nassikhat Mursalimova. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature. – Opción, Año 35, No.89 (2019): 177-194 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Recibido: 10-11-2018 •Aceptado: 10-03-2019 (eng.).
- [4] Мұхамедов М., Сырымбетұлы Б., Қазақстан тарихы. – Алматы: Қарасай, 2007. – 344 б.
- [5] Мырзалиев Қ. Заман-ай. // Жалын. – 1991. – N 3. – 2-13 б.
- [6] Қайырбеков Ә. Тәуелсіздік және қазақ поэзиясы. – Алматы: TST COMPANY, 2011. – 216 б.
- [7] Қазақ көркем сөзінің шеберлері. – Қарағанды: Экожан, 2010. – 512 б.
- [8] Бодешұлы Ж. Жұлдызтас. – Алматы: Атамұра, 2010. – 336 б.
- [9] Айтулы Н. Ту. – Алматы: Жауһар, 2012. – 376 б.
- [10] Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 448 б.
- [11] Бодешұлы Ж. Емендер түнде бүрлейді. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 304 б.
- [12] Мырза Әли Қ. Таңдамалы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2005. – 423

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Нарымбетов А. Тайны времени. – Алматы: Арда, 2008. – 312 с. (каз.).
- [2] Қабдолов З. Искусство слово. – Алматы: Казахский университет, 1992. – 352 с. (каз.).
- [3] Gulzhakhan Orda, Nurbol Khudaibergenov, Zhansulu Sarsenbayeva, Saltanat Amanzhol,

- [4] Nassikhat Mursalimova. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature. – Opción, Año 35, No.89 (2019): 177-194 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Recibido: 10-11-2018 Aceptado: 10-03-2019 (eng.).
- [5] Мухамедов М., Сырымбетулы Б., История Казахстана. – Алматы: Қарасай, 2007. – 344 с. (каз.).
- [6] Мырзалиев К. Заман-ай. // Жалын. – 1991. – N 3. – 2-13 с. (каз.)
- [7] Қайырбеков Ә. Независимость и казахская поэзия. – Алматы: TST COMPANY, 2011. – 216 с. (каз.).
- [8] Мастера казахского художественного слова. – Караганда: Экожан, 2010. – 512 с. (каз.).
- [9] Бодешулы Ж. Звездный камень. – Алматы: Атамұра, 2010. – 336 с. (каз.).
- [10] Айтулы Н. Флаг. – Алматы: Жауһар, 2012. – 376 б. (каз.).
- [11] Қозыбаев М. Священная независимость. – Алматы: Издательский дом, 2009. – 448 с. (каз.).
- [11] Бодешулы Ж. Дубы опрыскивают ночью. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 304 с. (каз.).
- [12] Мырза Әли Қ. Избранные. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2005. – 423 с. (каз.).

REFERENCES

- [1] Наримбетов А. Gasır sırtı. – Алматы: Arda, 2008. – 312 p. (kaz.).
- [2] Qabdolov Z. Soz oneri. – Almatı: Qazaq universiteti, 1992. – 352 p. (kaz.).
- [3] Gulzhakhan Orda, Nurbol Khudaibergenov, Zhansulu Sarsenbayeva, Saltanat Amanzhol, Nassikhat Mursalimova. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature. – Opción, Año 35, No.89 (2019): 177-194 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Recibido: 10-11-2018 •Aceptado: 10-03-2019 (eng.).
- [4] Muxamedov M., Sırimbetulı B., Qazaqstan tarixı. – Almatı: Qarasay, 2007. – 344 p. (kaz.).
- [5] Myrzaliev K. Zaman-ai. // Zhalyn. – 1991. – N 3. – 2-13 p. (kaz.).
- [6] Qayırbekov A. Tawelsizdik jane qazaq poeziyası. – Almatı: TST COMPANY, 2011. – 216 p. (kaz.).
- [7] Qazaq korkem sozinin sheberleri. – Qaragandı: Ekojan, 2010. – 512 p. (kaz.).
- [8] Bodeshulı J. Juldıztas. – Almatı: Atamura, 2010. – 336 p. (kaz.).
- [9] Aytulı N. Tu. – Almatı: Jawhar, 2012. – 376 p. (kaz.).
- [10] Qozıbaev M. Kieli tawelsizdik . – Almatı: Baspalar uyi, 2009. – 448 p. (kaz.).
- [11] Bodeshulı J. Emender tunde burleydi. – Almatı: Ana tili, 2002. – 304 p. (kaz.).
- [12] Mirza Ali Q. Tandamalı. T.1. – Almatı: Jazuşı, 2005. – 423 p. (kaz.).
- [13] Myrzaliev K. Zaman-ai. // Zhalyn. – 1991. – N 3. – 2-13 p. (kaz.).